

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2026 жылғы 30 мамырдағы № 510 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 мамырда № 38845 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Мәжбүрлеп орындату комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Әділет вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасы
Әділет министрі*

Е. Сарсембаев

Қазақстан Республикасы
Әділет министрі
2026 жылғы 30 мамырдағы
№ 510 Бұйрыққа қосымша

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің және Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Жеке сот орындаушыларының есептік тіркеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2014 жылғы 7 наурыздағы № 98 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9258 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушыларының есептік тіркеу қағидасында:

Жеке сот орындаушыларының есептік тіркеу қағидасына 1-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Жеке сот орындаушыларының қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 22 қаңтардағы № 32 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10308 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушыларының қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінде:

Жеке сот орындаушыларының қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Тыйым салынған мүлікті, оның ішінде электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 100 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10321 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тыйым салынған мүлікті, оның ішінде электрондық аукцион нысанындағы сауда-саттықта өткізу қағидаларында:

2 тармағының 1) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңы (бұдан әрі – БЭСА) – цифрлық жүйе, дерекқордың, электрондық аукционға қатысушыларға бірыңғай жалпы қолжетімді қол жеткізу нүктесін ұсынатын, электрондық аукцион өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін техникалық, бағдарламалық, телекоммуникациялық және басқа да құралдардың жиынтығы;

3) Е - Заң көмегі - адвокаттық қызметті және заң консультанттарының қызметін автоматтандыруға арналған цифрлық жүйе;"

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Сот орындаушысының электрондық аукционға мүлікті қоюы БЭСА-ға атқарушылық құжаттың, мүлікті өткізуге қою туралы қаулының, борышкерді және өндіріп алушыны мүліктің бағасымен тиісінше хабардар ету немесе таныстыруды растайтын құжаттардың көшірмесін қоса бере отырып, өтінімді атқарушылық іс жүргізу бойынша автоматтандырылған цифрлық жүйе арқылы жіберу арқылы жүргізіледі";

30-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Электрондық аукцион қатысушыларының тізілімін БЭСА операторы цифрлық форматта жүргізеді және онда мынадай мәліметтер:"

4. "Атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлу

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 652 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12848 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлу қағидаларында:

Тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы бөлу қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында бөлу қағидалары "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-1, 37-баптарына, 162-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және жеке сот орындаушылары өңірлік палатасының (бұдан әрі – өңірлік палата) атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы бөлу тәртібін айқындайды.";

2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – Цифрлық жүйе) – атқарушылық іс жүргізулерді цифрлық нысанда есепке алуға, сот орындаушысының процестік әрекеттерін автоматтандыруға, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу тараптарының іс жүргізу барысы туралы мәліметтер алуына арналған цифрлық жүйе";

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Атқарушылық құжаттарды бөлу Цифрлық жүйе арқылы жүзеге асырылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қағаз жеткізгіштегі атқарушылық құжаттың түпнұсқасын қоса бере отырып, өтініш беру арқылы;

2) атқарушылық құжатты берген органға оны мәжбүрлеп орындату үшін Цифрлық жүйеге жіберу туралы өтініш беру арқылы ұсынылады.";

Атқарушылық құжатты өндіріп алушының не оның өкілінің өтініші негізінде оны беруге уәкілетті адам, орган, сот Цифрлық жүйеге жібереді.

Электрондық атқарушылық құжатты өндіріп алушының не оның өкілінің өтініші негізінде оны беруге уәкілетті адам, орган, сот Цифрлық жүйеге жібереді.

Атқарушылық құжаттарды өндіріп алушының өтінішінсіз, Цифрлық жүйемен интеграцияланған мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелері арқылы ұсыну мемлекет пайдасына өндіріп алу туралы істер санаттары бойынша, сондай-ақ заңнамамен тікелей көзделген жағдайларда жол беріледі.

Бұрын орындалмай қайтарылған қағаз жеткізгіштегі атқарушылық құжатты өндіріп алушының не оның өкілінің ұсынуы осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Бұрын орындалмай қайтарылған электрондық атқарушылық құжатты өндіріп алушының не оның өкілінің ұсынуы Цифрлық жүйеге өтініш беру арқылы жүзеге асырылады. Өтініш түскеннен кейін Цифрлық жүйе бұрын тіркелген электрондық атқарушылық құжатты және оған қоса берілген материалдарды автоматты түрде шығарып алады, кейіннен оларды осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жеке сот орындаушысына бөледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Өңірлік палата қағаз жеткізгіштегі атқарушылық құжатты бөлгенге дейін Цифрлық жүйеде атқарушылық құжат туралы барлық қажетті мәліметтерді (атқарушылық құжатты берген органның, адамның, соттың атауы, атқарушылық құжаттың нөмірі мен күні, атқарушылық құжат талабының мәні, борышкер мен өндіріп алушы туралы мәліметтер) толтырады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушыларына бөлуді және беруді өңірлік палата Цифрлық жүйе арқылы олардың өңірлік палатаға келіп түсуіне негіз болған мән-жайлар басталған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады, ал сот актісі дереу орындалуға жататын жағдайларда – атқарушылық құжат келіп түскен кезден бастап дереу жүзеге асырылады.".

15-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық құжаттарды бөлу туралы есеп Цифрлық жүйеде қалыптастырылады және жарияланады.".

5. "Жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 171 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16376 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушыларының қызметін бақылауды жүзеге асыру қағидаларында:

3-1 және 20-1-тармақтары 20-1-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"3-1. Жеке сот орындаушыларының қызметіне бақылау "Атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі" цифрлық жүйесі және атқарушылық іс жүргізу материалдары арқылы жүзеге асырылады.

20-1. Бақылау жүргізген тұлғалар осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген ақпаратты алғаннан кейін, бес жұмыс күні ішінде қорытындыда көрсетілген бұзушылықтарды жоюдың дұрыстығын "Атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі" цифрлық жүйесі және атқарушылық іс жүргізу материалдары арқылы салыстырады.

6. "Мемлекеттік сот орындаушылары қаулыларының үлгі нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 20 наурыздағы № 135 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18432 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік сот орындаушылары қаулыларының үлгі нысандарында:

Мемлекеттік сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 12-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Мемлекеттік сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 13-қосымша осы Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Мемлекеттік сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 14-қосымша осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

7. "Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2019 жылғы 28 наурыздағы № 148 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18493 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарында:

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 11-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 29-қосымша осы Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 30-қосымша осы Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 31-қосымша осы Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 32-қосымша осы Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 33-қосымша осы Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 34-қосымша осы Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 35-қосымша осы Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Жеке сот орындаушыларының қаулыларының үлгілік нысандарына 41-қосымша осы Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

8. "Тыйым салынған мүлікті өткізу бойынша бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңын таңдауды жүзеге асыру қағидаларын бекіту" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 347 бұйрығына (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21235 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тыйым салынған мүлікті өткізу бойынша бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңын таңдауды жүзеге асыру қағидаларында:

2-тармағының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бірыңғай электрондық сауда-саттық алаңы (бұдан әрі – БЭСА) - цифрлық жүйе, дерекқордың, электрондық аукционға қатысушыларға бірыңғай жалпы қолжетімді қол жеткізу нүктесін ұсынатын, электрондық аукцион өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін техникалық, бағдарламалық, телекоммуникациялық және басқа да құралдардың жиынтығы;"

4-тармағының 5), 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) электрондық құжат айналымын, цифрлық нысандағы құжаттарды күнделікті мұрағаттық сақтауды және іздестіруді қамтамасыз етуді, электрондық аукционға қатысушылардың авторландыру мүмкіндігін қамтамасыз етуді және ақпараттың түрлі санаттары үшін пайдаланушылардың қол жеткізу құқықтарының аражігін ажыратуды негізге алады;

6) "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – АІЖ МАЦЖ) цифрлық өзара әрекеттестігі арқылы сот орындаушыларының электрондық өтініштері мен электрондық құжаттарын алуды қамтамасыз ету, сондай-ақ лоттар туралы, АІЖ МАЦЖ электрондық аукцион өткізу тәртібі және оның нәтижелері туралы мәліметтер беру;

7) цифрлық жүйені өнеркәсіптік қолданысқа қабылдау туралы актінің, Заңға сәйкес киберқауіпсіздік талаптарына, техникалық құжаттама және сараптамасына сәйкестік аттестатына және киберқауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне сынаудың оң нәтижесі бар актінің болуы.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Республикалық палата әлеуетті өнім берушілер ұсынатын жұмыстардың, техникалық ерекшеліктердің сәйкестігіне қатысты сараптамалық қорытынды дайындау үшін "цифрлық үкімет" сервисінің интеграторына әлеуетті өнім берушілердің ұсыныстарын жолдайды."

9. "Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған, сондай-ақ Республикалық палата мүшелігінен шығарылған жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы қағидаларын және өкімнің нысанын бекіту туралы" Қазақстан

Республикасы Әділет министрінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 354 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21209 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не лицензиясынан айырылған, сондай-ақ Республикалық палата мүшелігінен шығарылған жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы қағидаларын және өкімнің нысанында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Атқарушылық құжаттарды орындау саласындағы уәкілетті орган немесе оның аумақтық органдары шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімді екінші деңгейдегі банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға жеке сот орындаушысы лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған не одан айырылған, сондай-ақ оны Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасынан шығарған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей цифрлық нысанда немесе қағаз жеткізгіште жібереді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкім атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы электрондық нысанда немесе қағаз жеткізгіште беріледі.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Шығыс операцияларын тоқтата тұрудың күшін жою туралы өкім атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі арқылы цифрлық нысанда немесе қағаз жеткізгіште беріледі.";

10. "Оңайлатылған іс жүргізуді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а 2024 жылғы 16 тамыздағы № 697 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34936 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оңайлатылған іс жүргізуді жүзеге асыру қағидаларында:

2-тармағының 1), 2) және 4)-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған цифрлық жүйесі (бұдан әрі – АІЖМАЦЖ) – атқарушылық іс жүргізуді есепке алуды электронды нысанда жүзеге асыруға, сот орындаушысының процестік әрекеттерін автоматтандыруға, сондай-ақ атқарушылық іс жүргізу тараптарының атқарушылық іс жүргізу барысында деректер алуына арналған цифрлық жүйе;

2) әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізілімі (бұдан әрі – ӘІБТ) – әкімшілік құқық бұзушылықтар, оларды жасаған адамдар, олар бойынша қабылданған шешімдер туралы

енгізілетін мәліметтер қамтылатын цифрлық жүйе, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық істерін цифрлық нысанда жүргізу жүзеге асырылады;

4) оңайлатылған іс жүргізу – аумақтық әділет орган (бұдан әрі – аумақтық орган) АІЖМАЦЖ-і арқылы жүзеге асыратын атқарушылық құжаттардың автоматтандырылған орындалуы;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Атқарушылық құжаттар оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде АІЖМАЦЖ-не ӘІБТ-ден, біріктірілген салықтық цифрлық жүйесі цифрлық жүйесінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы сот органдарының автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінен цифрлық нысанда келіп түседі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. АІЖМАЦЖ-і арқылы цифрлық нысандағы атқарушылық құжаттың негізінде аумақтық орган оңайлатылған іс жүргізуді дереу қозғайды, ол жөнінде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қаулы шығарылады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Борышкерге оңайлатылған іс жүргізуді қозғау туралы хабарлама Мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша мәтіндік хабарлама жіберу арқылы не (және) цифрлық үкіметтің, сондай-ақ екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшаларында push-хабарлама жіберу арқылы жүзеге асырылады. Хабархатта оңайлатылған іс жүргізуді қозғау туралы қаулымен танысуға және жүктеуге арналған сілтеме бар.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Борышкер оңайлатылған іс жүргізудің кез келген сатысында оңайлатылған іс жүргізуді қозғау туралы қаулымен танысқаннан кейін алынған сілтеме бойынша өтіп, АІЖМАЦЖ-де көрсетілген "Терезеде" "Келіспеймін" батырмасын басу арқылы оңайлатылған іс жүргізуде атқарушылық құжаттың талаптарын орындаудан бас тарта алады.

Борышкер оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде атқарушылық құжаттың талаптарын орындаудан бас тарту не атқарушылық құжаттың талаптарын орындалуымен байланысты мәселелері бойынша тиісті жазбаша өтінішпен аумақтық органға жүгіне алады.

Борышкер сілтеме бойынша өту жолымен оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде атқарушылық құжаттың талаптарын орындаудан бас тартқан жағдайда, аумақтық орган АІЖМАЦЖ-де Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 652 бұйрығымен бекітілген Атқарушылық құжаттарды жеке сот орындаушылары арасында атқарушылық іс жүргізудің мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы бөлу қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12848 болып тіркелген) көзделген тәртіппен атқарушылық құжатты жеке сот орындаушысының орындауына беру туралы

қаулысын (бұдан әрі – атқарушылық құжатты жеке сот орындаушысының орындауына беру туралы қаулы) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес дереу қалыптастырады.

Аумақтық органда борышкердің өтініші тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде АІЖМАЦЖ-де атқарушылық құжатты жеке сот орындаушысының орындауына беру туралы қаулыны аумақтық орган қалыптастырады.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Аумақтық орган басшысының немесе оның орынбасарының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылған аумақтық органның АІЖМАЦЖ-де қалыптастырылған, банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы банктік шоттардың нөмірлері және онда ақшаның бар-жоғы туралы ақпаратты талап ету және оларға тыйым салу туралы қаулысы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға оңайлатылған іс жүргізу қозғалған күннен бастап күнтізбелік бес күн өткен соң АІЖМАЦЖ-і арқылы ұсынылады.

АІЖМАЦЖ-і мен банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың цифрлық жүйелері арасындағы оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде өзара іс-қимыл цифрлық форматта жүзеге асырылады.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Аумақтық органға оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде АІЖМАЦЖ-де қалыптастырылған және аумақтық орган басшысының немесе оның орынбасарының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылған қаулысы негізінде, жеке тұлғаның банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттарда өндіріп алынатын сома шегіндегі ақшаның бар-жоғы туралы, ал ақша жеткіліксіз болған жағдайда оңайлатылған іс жүргізу қозғалған кезден бастап осы шоттардағы ақша қозғалысы туралы мәліметтер беріледі.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. АІЖМАЦЖ-і арқылы алынған, оңайлатылған іс жүргізу шеңберіндегі аумақтық органның қаулысы негізінде атқарушылық құжаттың орындалуын қамтамасыз ету үшін тыйым салу кезінде тыйым салынатын ақша сомасы атқарушылық құжатта көрсетілген сомадан аспауы тиіс.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Оңайлатылған іс жүргізуді қозғағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң, Бірыңғай нотариаттық цифрлық жүйеде АІЖМАЦЖ-і арқылы борышкерге мүлікке билік ету жөнінде белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады, ол туралы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес қаулы шығарылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Банктердегі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы борышкердің ақшасын өндіріп алу АІЖМАЦЖ-де қалыптастырылған аумақтық органның инкассолық өкімі негізінде жүзеге асырылады.

Инкассольдық өкім оңайлатылған іс жүргізу қозғалған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн өткен соң цифрлық нысанда өндіріп алудың негізділігін растайтын атқарушылық құжаттарды қоса бере отырып, банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға жолданады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Аумақтық орган оңайлатылған іс жүргізу шеңберіндегі инкассольдық өкімді АІЖМАЦЖ-де сот орындаушысының ЭЦҚ-сы қол қойған борышкердің жалақысына және табысының өзге де түрлеріне өндіріп алу туралы қаулы және инкассольдық өкім болған жағдайда қоймайды.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Борышкердің оңайлатылған іс жүргізу шеңберінде берешекті төлеуі АІЖМАЦЖ-мен интеграцияланған төлем жүйелері арқылы жүзеге асырылады.";

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Оңайлатылған іс жүргізу тоқтатылған жағдайларда аумақтық орган АІЖМАЦЖ-де осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес дереу қаулы шығарады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Аумақтық орган оңайлатылған іс жүргізу тоқтатылған жағдайда, АІЖМАЦЖ-де орындалмаған инкассольдық өкімдерді төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкімнің негізінде кері қайтарып алады.";

23-тармақтың бірінші және үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Аумақтық орган оңайлатылған іс жүргізу берілген жағдайда, АІЖМАЦЖ-де қойылған инкассольдық өкімдерді төлем құжатын кері қайтарып алу туралы өкімнің негізінде кері қайтарып алады.

Атқарушылық құжатты оңайлатылған іс жүргізуден жеке сот орындаушысына беру туралы банктерді, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарды хабардар ету цифрлық форматта жүзеге асырылады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Атқарушылық құжатты берген кезде аумақтық орган АІЖМАЦЖ-де атқарушылық құжатты жеке сот орындаушысының орындауына беру туралы қаулы шығарады. Жеке сот орындаушысы атқарушылық құжатты орындауға қабылдау туралы қаулы шығарады."

Оңайлатылған іс жүргізуді жүзеге асыру қағидаларына 1-қосымша осы Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Оңайлатылған іс жүргізуді жүзеге асыру қағидаларына 3-қосымша осы Тізбеге 16-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Оңайлатылған іс жүргізуді жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымша осы Тізбеге 17-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

Республикасы Әділет
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер мен
толықтырулар енгізлетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша

Жеке сот орындаушыларының
есептік тіркеу қағидасының
1-қосымшасы
Нысан

(аумақтық әділет органы)
кімнен _____

(тегі, аты, жөні (болған жағдайда) және
ЖСН)

Есептік тіркеуге қою туралы хабарлама

Жеке сот орындаушыларының Республикалық палатасының мүшелігіне өтуіме байланысты, аумақтық әділет органына есептік тіркеуге қою үшін өзім туралы ресми мәліметті жолдаймын:

Тұрғылықты, тіркелген мекен-жайы	
Жұмыс және ұялы телефондары	
Электрондық поштасы	

Қосымша:

1)

2)

3)

Қағаз түрінде ұсынылса: _____ (күні және қолы)

Цифрлық түрде ұсынылса: _____ (күні және ЭЦҚ қойылған уақыты)

Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің және Қазақстан
Республикасы Әділет
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер мен
толықтырулар енгізлетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша

Жеке сот орындаушыларының қызметі үшін біліктілік талаптары мен оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі

№	Талаптары	Құжат
р/с	1	2

1	Қазақстан Республикасының азаматы	жеке басын куәландыратын құжат
2	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес жоғары білімінің болуы. Шетелдік білім мекемелері берген дипломдар үшін, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес нострификациялау немесе тану рәсімінен өткендігі туралы мәлімет	диплом
3	Мына талаптардың біріне сәйкес келуі: 1) жеке сот орындаушысының қызметімен айналысуға аттестаттауды сәтті тапсыру 2) Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі жанындағы біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсыру, сотта тағылымдамадан ойдағыдай өткен және облыстық немесе оған теңестірілген соттың жалпы отырысының оң пікірінің болуы 3) судья лауазымында болу, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 9), 10) және 12) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша судья өкілеттігін тоқтатқан адам болу 4) прокурор немесе тергеуші лауазымында кемінде бес жыл еңбек өтілінің болуы 5) атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік органдарда кемінде екі жыл еңбек өтілінің болуы	1) жеке сот орындаушысының қызметімен айналысуға аттестат 2) Біліктілік комиссиясының қорытындысы 3) еңбек қызметін растайтын құжат, Президент Жарлығы 4) еңбек өтілін растайтын құжат, қызметтік тізім 5) еңбек өтілін растайтын құжат, қызметтік тізім
4	"Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 140-бабының 2-тармағында белгіленген шектеулер жоқ	цифрлық жүйеден алынған электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған мәліметтер нысаны

* Ескертпе: Мемлекеттік цифрлық жүйелердің дерекқоры құжаттар тізбесінде көзделген материалдар бойынша алынатын ақпарат көзі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің және Қазақстан
Республикасы Әділет
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 20 наурыздағы
№ 135 бұйрығына
11-қосымша
"САНКЦИЯЛАЙМЫН"

Судья _____
(соттың атауы)

(қолы, инициалдары және тегі)

20__ жылғы
"__" _____
Мөрдiң орны

Сот орындаушысына келуден жалтарып жүрген адамды күштеп келтіру туралы қаулының үлгі нысаны

	20__ жыл " __ " _____		_____
	—		—
			(қаланың, ауданның атауы)

(әділет департаментінің аумақтық бөлімінің атауы)

мемлекеттік сот орындаушысы _____

(сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)

негізінде қозғалған

(атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың немесе органның атауы, берілген күні)

20__ жылғы " ____ " _____

атқарушылық іс (атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің деректемелері) жүргізу материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

(қолданыстағы Заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, сот орындаушысына келуден жалтарып жүрген адамды күштеп келтіру негізі)

Жоғарыда аталғанның негізінде, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағын, 27-бабының 5-тармағын, 35-1, 126-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын, "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 2014 жылғы 23 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 3б) тармақшасын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. _____
мекенжайы (жеке тұлғаның тіркелген (тұрғылықты) жері, заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша мекенжайы)

бойынша тұратын (жұмыс атқаратын) _____

(аты, әкесінің аты және тегі (болған жағдайда))

жеке тұлғаның ЖСН, заңды тұлғаның атауы, заңды тұлғаның басшысының аты, әкесінің аты және тегі (болған жағдайда), ЖСН)

ғимараты

(Әділет департаменті аумақтық бөлімінің атауы, заңды мекенжайы)

кабинетке жергілікті уақыт бойынша сағат __ минутта __ күштеп әкелу қамтамасыз етілсін.

2. Қаулы көмек көрсету үшін _____
жолдансын.

(ішкі істер органының атауы)

3. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына, олардың өкілдеріне хабарлансын.

4. Қаулының орындалу нәтижесі туралы сот орындаушысына _____

(мекенжайы, телефоны, қажет болған жағдайда электрондық поштасына)

_____ мекенжайы бойынша хабарлансын.

5. Сот орындаушысының қаулысы шығарылған күнінен бастап күшіне енеді, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес сотқа он жұмыс күні ішінде шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Егер сот орындаушысы қызмет көрсететін аумақтық учаске тіркелген жер атқарушылық әрекеттер жасалатын жермен бір елді мекенде болса, шағым атқарушылық әрекеттер жасалатын жер бойынша беріледі.

Ескерту: қаулы жазбаша нысанда немесе электронды құжат нысанында санкциялауға жатады. Бұл ретте, электрондық құжаттың нысаны өзгертілуі мүмкін. Судьяның электронды цифрлық қолы, сондай-ақ оның аты, әкесінің аты, тегі (бар болған жағдайда), қол қойған күні, соттың атауы құжаттың сол жағында орналастырылады. Жоғары оң жақ бұрышында "Санкциялаймын" грифі, соттың атауы, судьяның инициалдары және тегі, сондай-ақ күні көрсетілмейді.

Мемлекеттік сот орындаушысы _____

Мөрдiң орны (қолы, инициалдары және тегі)

Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің және Қазақстан
Республикасы Әділет
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 20 наурыздағы
№ 135 бұйрығына
12-қосымша
"САНКЦИЯЛАЙМЫН"

Судья _____
(соттың атауы)

(қолы, инициалдары және тегі)

20__ жылғы

" " _____

Мөрдiң орны

Борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының (оның міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулының үлгі нысаны

	20__ жыл " __ " _____		_____
	—		—
			(қаланың, ауданның атауы)

(әділет департаментінің аумақтық бөлімінің атауы)

мемлекеттік сот орындаушысы _____

(сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)

негізінде қозғалған (атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың немесе органның атауы, берілген күні)

20__ жылғы "____" _____ атқарушылық іс

(атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің деректемелері) жүргізу материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

(қолданыстағы Заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, борышкердің Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеу қолданудың негізі)

Жоғарыда аталғанның негізінде, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағын, 33-бабының 1-тармағын, 126-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Борышкер болып табылатын (заңды тұлғаның басшысы (міндетін атқарушы))

Қазақстан Республикасынан шығуына шектеу

(жеке тұлға-борышкердің аты, әкесінің аты және тегі (бар болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлға басшысының аты, әкесінің аты, тегі (бар болған жағдайда,БСН) қойылсын.

2. Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы атқарушылық іс жүргізу органдарының мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне орындау үшін жолдансын.

3. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына, олардың өкілдеріне хабарлансын.

4. Сот орындаушысының қаулысы шығарылған күнінен бастап күшіне енеді, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес сотқа он жұмыс күні ішінде шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Егер сот орындаушысы қызмет көрсететін аумақтық учаске тіркелген жер атқарушылық әрекеттер жасалатын жермен бір елді мекенде болса, шағым атқарушылық әрекеттер жасалатын жер бойынша беріледі.

Ескерту: қаулы жазбаша нысанда немесе цифрлық нысанында санкциялауға жатады . Бұл ретте, электрондық құжаттың нысаныөзгертілуі мүмкін. Судьяның электронды

цифрлық қолы, сондай-ақ оның аты, әкесінің аты, тегі (бар болған жағдайда), қол қойған күні, соттың атауы құжаттың сол жағында орналастырылады. Жоғары оң жақ бұрышында "Санкциялаймын" грифі, соттың атауы, судьяның инициалдары және тегі, сондай-ақ күні көрсетілмейді.

Мемлекеттік сот орындаушы _____

Мөрдің орны (қолы, инициалдары және тегі)

Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің және Қазақстан
Республикасы Әділет
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 20 наурыздағы
№ 135 бұйрығына
13-қосымша
"САНКЦИЯЛАЙМЫН"

Судья _____
(соттың атауы)

(қолы, инициалдары және тегі)

20__ жылғы

" " _____

Мөрдің орны

Борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының (оның міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеуді тоқтата тұру туралы қаулының үлгі нысаны

	20__ жыл " __ " _____		_____
	—		_____
			(қаланың, ауданның атауы)

_____ (әділет департаментінің аумақтық бөлімінің атауы)

мемлекеттік сот орындаушысы _____

(сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)

_____ негізінде
қозғалған (атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың немесе органның атауы, берілген күні)

20__ жылғы " ____ " _____ атқарушылық
іс

(атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің деректемелері)
жүргізу материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

(қолданыстағы Заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, борышкердің шығуына уақытша шектеуді тоқтата тұру негізі)

Жоғарыда аталғанның негізінде, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағын, 33-бабының 3-тармағын, 126-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Борышкер болып табылатын (заңды тұлғаның басшысы (міндетін атқарушы))

_____ 20__ жылғы "____" _____
(жеке тұлға-борышкердің аты, әкесінің аты және тегі (бар болған жағдайда), ЖСН, заңды тұлға басшысының аты, әкесінің аты, тегі (бар болған жағдайда), БСН)

20__ жылғы "____" _____ дейін емделуі үшін Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеу тоқтатыла тұрылсын.

2. Сот орындаушысының қаулысы атқарушылық іс жүргізу органдарының мемлекеттік автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне орындау үшін жолдансын.

3. Қабылданған шешім туралы атқарушылық іс жүргізу тараптарына, олардың өкілдеріне хабарлансын.

4. Сот орындаушысының қаулысы шығарылған күнінен бастап күшіне енеді, міндетті түрде орындалуға тиіс және оған Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес сотқа он жұмыс күні ішінде шағым жасалуы, наразылық білдірілуі мүмкін.

Егер сот орындаушысы қызмет көрсететін аумақтық учаске тіркелген жер атқарушылық әрекеттер жасалатын жермен бір елді мекенде болса, шағым атқарушылық әрекеттер жасалатын жер бойынша беріледі.

Ескерту: қаулы жазбаша нысанда немесе цифрлық нысанында санкциялауға жатады . Бұл ретте, электрондық құжаттың нысаны өзгертілуі мүмкін. Судьяның электронды цифрлық қолы, сондай-ақ оның аты, әкесінің аты, тегі (бар болған жағдайда), қол қойған күні, соттың атауы құжаттың сол жағында орналастырылады. Жоғары оң жақ бұрышында "Санкциялаймын" грифі, соттың атауы, судьяның инициалдары және тегі, сондай-ақ күні көрсетілмейді.

Мемлекеттік сот орындаушы _____

Мөрдiң орны (қолы, инициалдары және тегі)

министрінің және Қазақстан
Республикасы Әділет
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2019 жылғы 20 наурыздағы
№ 135 бұйрығына
14-қосымша

Борышкер болып табылатын жеке тұлғадан, заңды тұлға басшысынан (міндетін атқарушыдан) Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеуді алып тастау туралы қаулының үлгі нысаны

20__ жыл " __ " _____

(қаланың, ауданның атауы)

_____ (Әділет департаментінің аумақтық бөлімінің атауы)

_____ мемлекеттік сот орындаушысы _____

_____(сот орындаушысының аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және тегі)

_____ негізінде
қозғалған

(атқарушылық құжаттың атауы, атқарушылық құжатын берген соттың немесе органның атауы, берілген күні)

20__ жылғы " ____ " _____ атқарушылық
іс

(атқарушылық құжаттың талаптары, өндіріп алушы мен борышкердің деректемелері) жүргізу материалдарын қарап,

АНЫҚТАДЫ:

(қолданыстағы Заңға немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, борышкер болып табылатын жеке тұлғадан, заңды тұлға басшысынан (міндетін атқарушыдан) Қазақстан Республикасынан шығуына уақытша шектеуді алып тастау, күшін жою негізі)

Жоғарыда аталғанның негізінде, "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" 2010 жылғы 2 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1-тармағын, 33-бабы 3-тармағының ____ тармақшасын, 126-бабы 1-тармағының 1) тармақшасын басшылыққа ала отырып,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

